

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Мүйіз монша



Өр Алтайдың өз әлемі бар

Тамсандырған тау. Уылжыған уыз дүние. Сақи сыйға қағанағы қарқ адамдар... Оралхан Бөкейдің тілімен айтқанда: «Алтайдың атқа мініп тұрған кезі». «Жақсыны көрмекке». Асық көңілдің Алтай асқарын беташары болып жатқан жас келіндей тамашалауы тегін емес. Табанымыз тұңғыш тиген еді. Тамылжыған табиғат тартуына тәу еткен тумалары Орағанның (О.Бөкей), Қалағанның (Қ.Ысқақ), Әлағанның (Ә.Асқаров), Дидағанның (Д.Әшімхан), Асағанның (А.Алтай) шығармаларын жастана оқыған, көркем әдебиет арқылы Алтаймен анда болған албырт шағымыз еске түсіп келеді. Миығымыздан

күлеміз. Жарқ етіп жақпарлардан, шатқалдардан, шың басынан, қалың қарағайдан таныс та бейтаныс кейіпкерлер шыға келетін сияқты... Дүрия орманды дүр сілкінітіп, «Қайдасың, қасқа құлынымдағы» Қаршыға қыл арқанды құрығын безеп, шаңырақ мүйіз бұғыны қуып бара жатқан секілді. Әлде қарағайға қайыстыра байлап, арбиған аша мүйізді аралап жатырма екен?..

– Жетіп қалдық, – деді бізді Катонқарағай ауданының орталығы Үлкен Нарыннан ертіп шыққан Белқарағай ауылының әкімі. «Көрмегенге көсеу таң». Гүлсәрі орта иектеп келе жатқан ойымызды жиып алдық. Алтай алқымына енгеніміз әлгінде еді, ұзамай тоқтағанымызға нәумез болып қалдық.

Кешқұрым ауыл ағасы Дәурен Қалибеков бізді «Нұрбұлақ» шипажайына алып келді.

– Издегенінді осы арадан табасың, – деді.

Марал шаруашылықтары

Издегеніміз – мүйіз моншасы еді. «Нұрбұлақты» түү қиырдан бетке алатындар осы моншаға келеді. Күндіз ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы Рақымғали Байғараевпен әңгімелескенбіз. Маралымен мәлім мекеннің мән-жайын түсініп қалғандаймыз.

Жуырда журналистер Ауыл шаруашылығы министрінен: «Маралшыларға республикалық бюджеттен қолдау бола ма?» деп сұраған. «Біз Қазақстанның халқын марал еті мен тойғыза алмаймыз», деп жауап қатқан болатын министр. Оның да бір жөні бар шығар...

Бүгінде Катонқарағай ауданында 6 мыңға жуық марал өсіріледі. Облыс бюджетінен марал шаруашылығына субсидия бөліне бастағанына төрт жыл болыпты. Жыл сайын катонқарағайлықтар маралға 29-32 млн. теңге аралығында субсидия алып келеді. Нәтижесінде, өңірде марал басының төмен құлдырауы тоқтады. Кеңес өкіметі кезінде Катонда 20 мыңнан астам марал өсірілетін. Марал басы кемуінің себебі бар: жануарды етке соймайды, жүні алынбайды, сүті сауылмайды. Бұлардан алынатын бір ғана өнім – мүйіз. Былайғы ел «панты» атап жүр ғой. Ол сиыр, қой-ешкіге бітетін мүйізден өзгеше, дәрілік қасиеті бар. Өйткені, Алтайдың адам аяғы баспас биігінде шөптің асылын талғап жейтін бұғы мен маралдың бар нәрі мүйізіне жиналады.

Катонқарағайда 11 марал шаруашылығы бар. Заңнама бойынша субсидия асыл тұқымды шаруашылыққа ғана беріледі. Ауданда 9 асыл тұқымды марал шаруашылығы тіркелген. Яғни, ауданда өсірілетін маралдың 85 пайызы асыл тұқымға жатады. Жалпы, маралдың бір-бірінен айырма шылығы жоқ. Себебі, асыл тұқымды дәре жөнi алу үшін шаруашылықта марал саны 350-ден асуы тиіс. Әзірге бұл межеге «Топқайың» және «Баян» шаруашылықтары ғана жете алмай отыр.

Катонқарағайдағы ірі марал шаруашылықтары қатарына Коробиха ауылдық округіндегі «Дамир» және «Үшбұлақ» атты екі шаруашылықты жатқызуға болады. Онда ауыл тұрғындарының да үлестері бар. Сонымен бірге, шаруашылықтың «Жанат» атты демалыс үйі қызмет көрсетеді. «Ақсу» ЖШС-ы былтыр қысқы азықты дұрыс даярламағандықтан шығынға да ұшырапты.

– «Ақсудың» демалыс үйі бар және субсидия алып отыр. Қажетті жем-шөп өндірісін жолға қоюға мүмкіндігі жетеді. Ал, олар аудан әкімдігінен қыс ортасында жемшөп сұрады. Мұны қалай түсінуге болады?, – дейді ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы.

Өрел ауылдық округінде Валентин Пантелеев басқаратын «Қарлығаш», Жамбыл ауылдық округінде Сержан Етекбаев жетекшілік ететін «Димаш», Толқын Раисовтың иелігіндегі «Маралды» шаруа қожалықтарының әрқайсысы 400-дей марал өсіреді. Ірі шаруашылық қатарында «Катонқарағай бұғы паркін» атауға болады. Аталған паркте теңбіл бұғы бар. Субсидияны тиімді пайдаланып, шаруашылықты тұрақты дамытуға ден қойғандардың бірі осы бұғы паркі.

Марал шаруашылығы элиталы және I, II, III санатты болып бөлінеді. Бұл – марал мүйізінің салмағы мен өнімділігі, кеудесінің көлемі, мойнының жуандығы сияқты

өлшемдер арқылы анықталады. Оны анықтауға облыс орталығында орналасқан ғылыми-зерттеу институтының мамандары арнайы шақырылады. Жыл сайын аталған мамандар маралдардың сапасын анықтап, қорытындысын береді. Сондықтан, шаруашылықта 700 марал болса да, сапасына қарай 400 марал бағып отырған шаруашылықтан субсидияны аз көлемде алуы мүмкін. Бұдан субсидияның санға емес, сапаға берілетінін байқау қиын емес.

«Үшбұлақ», «Дамир», «Ақсу», «Катонқара ғай бұғы паркі» шаруашылықтары жаз бойы өздерінің пантымен емдеу-сауықтыру орталықтары арқылы қосымша табыс табады. Қалған марал шаруашылықтарында емдеу-сауықтыру орталықтары жүйелі жұмыс істемегендіктен қазіргі кезде туристерді мол мөлшерде қабылдау әлеуетін жетілдіруге күш салып келеді.

Мүйіз саудасы

Кеңес Одағы кезінде мүйіз саудасы қызу жүрді. Бағалы заттың бірі болды. «Маралдың басында көліктің құны жүреді», деген сөзді үлкендерден жиі еститін едік. Алай да, 90-жылдардағы тоқырау кезеңі марал шаруашылығына да салқынын тигізді. Бұғы мүйізін іздемек түгілі, жан бағуға көшкен заман болды. Соңғы жылдары біртіндеп ес жиса да, мүйіз бағамы әлі көтеріле қоймаған. Былтыр маралшылар мүйіздің килосын 180 АҚШ долларына әрең сатыпты. «Бұрын мың доллардан алып кетуші еді» дейді олар. Катонқарағайда бір жылда 3,5 тоннадай консервіленген мүйіз өндіріледі. Осының өзін өткізу кейде қиынға түседі екен. Жергілікті маралшылардан «Мистер Чо» атап кеткен Оңтүстік Кореядан келетін кәсіпкер өтпей қалған барлық мүйізді сатып алатын көрінеді. Сондай-ақ, қазіргі кезде «Ақсу-Дэен» ЖШС-ы мүйіз өңдеумен шұғылданады. Оңтүстік Кореямен бірлескен компания марал мүйізінің ауқымды бөлігін қабылдайды. Мұнда марал мүйізінен 35-тен астам түрлі дәрі-дәрмектер жасалынады.

Біз әңгімелескен «Ақсу-Дэен» ЖШС меңгерушісі Ақзия Мағзұмованың айтуынша, марал шаруашылығының өнімдері консервіленіп, даяр болған соң қабылданады. Аталған кәсіпорын спиртті түрінде пантокрин тұнбаларын, бальзамдарын және құрғақ ұнтақ түрінде капсулалар өндіреді.

– 15 жылға жуық Оңтүстік Корея фирмасымен бірге жұмыс істеп, панты өнімдерін даярлау әдістерін үйрендік. Мүйіз қанын кәсіпорынның ветеринарлық дәрігері қабылдайды. Зауытта пантокринді 50 мл.-лік шақшаларға құямыз. Бұлар Ираннан сатып алынады. Жылына 100-120 мың құты сатып аламыз. Сондай-ақ, мүйізді түгінен тазалаған соң одан кеспе жасаймыз. Кеспені 75 грамнан бөлшектейміз. Кеспе дайындалған соң оны ұнтақтаймыз. Осы ұн іспетті ақ түйіршіктерден капсула жасаймыз. Себебі, иісі, дәмі болғандықтан кей адамдар сұйық күйінде қолдана алмайды. Ал, капсуланы екі жастан бастап қолдануға болады. Бір құтыға 40 капсуладан саламыз. Мүйіз қаны ұнтақ түрінде де пайдаланылады. Бұл дәрі-дәрмектер адам ағзасы шаршап, күйзеліске ұшыраған кезде қалпына келтіруге көмектеседі. Құрамында кальций мол болғандықтан сүйек ауруларына жақсы ем болады. Экологияға байланысты жас балалардың тістері, тырнақтары сынып жатады. Сондықтан, жасөспірімдердің сүйектерінің өсіп, бекуіне қолданылады. Егде тартқан адамдардың ағзасындағы кальций азайған кезінде пайдаланылады. Зауытта түрлі шөптерден бальзам жасалады. «Азамат» бальзамының құрамы пантыдан тұрады. «Эрегин» тұнбасында да мүйіз кеспесі бар. Марал шөбінің тамырын бальзамға, спирттік тұнбаға қосамыз. Өнімдеріміздің бағалылығы осында, – деді Ақзия Мағзұмова.

Төр Алтайда мүйіз кесу науқаны маусым айында басталады. Мүйіз бұғыға ғана шығады. Аналығына мүйіз өскен жайт сирек кездеседі. Кейбір шаңырақ мүйіз бұғылар аюдың өзіне сес көрсетеді екен. Жыл бойы сынып, түрлі жағдай болатындықтан мүйіз келесі көктемде қайта өнеді. Күзде тас болып қатады. Мүйіздің бас сүйекке бітетін жерінде ұршық болады, кесілмеген жағдайда осы ұршықтан жоғары қата бастайды. Сүйекке айналар келер жылда алдымен бір жақ мүйізі, сәл уақыт өткенде екінші жағы түсіп қалады. Орман ішінде бұғы тастап кеткен мүйіздер кездеседі. Оның құрамында биологиялық белсенді заттар болады. Орманда жатқан мүйіздер кеміргіштер үшін үлкен

олжа. Мүйізде биологиялық белсенді зат мол екенін тышқан екеш тышқан да біледі. Дегенмен, жабайы тағыларда болмаса, қолдағы маралдың мүйізі өздігінен түспегелі қай заман?! Жаз кезінде бұғының төбесіне біткен бар байлығы сұрғылт түспен түктеніп, былқылдап жұмсақ болып тұрады. Кемік мүйізді осы сәтте кеседі. Ішіндегі қанды шашау шығармай консервілейді. Кескеннен соң қанын ағызбай жоғары ұстап, суға қайнатады. Сосын ыстап, кептіреді. Құрғақ ыстық буға қояды. Осы үдеріс бірнеше мәрте қайталаынады. Қайнатылған сорпаның қасиеті бар. Адамдар осы сорпаға түседі. Мүйіз моншасы дегеніміз – осы.

«Нұрбұлақ» пантымен емдеу-сауықтыру шипажайы ғажап мүйісте десе болғандай. Самырсын, қарағай, қайың аралас нудың етегін баса орын тепкен шипажай көркем - дігімен көз тартады, тұнық ауасының өзі шипа. Бет-жүзі албыраған демалушылар қалың көк шөпті белуардан кешіп, сейілдеп жүр. Жылы киініп алған. Өйткені, тау ауасы салқын, оның үстіне мүйіз моншасына түседі емес пе!

Сауықтыру орталығының әкімшілік қызметкерлері Эльмира Абдрахимова мен Динара Бакинаның айтуынша, қазіргі кезде шипажайда 18 демалыс үйі жұмыс істейді. Асхана дастарқанынан Алтайдың балы мен қымызы үзілмейді. Етті және көкөністі тағамдар, жеміс-жидек ұсынылады. Сондайақ, жазғы спорт алаңы, теннис, жаттығу, хауыз, бильярд залдары жұмыс істейді. Дүкені мен моншасы, 200 орындық мейрамханасы бар. Таза ауада тынығуға арналған шатырларда еліміздің түкпір-түкпірінен жеткендер тау ауасын жұтып, әңгіме соғады. Шипажай аумағы табиғи және арнайы жасыл ландшафтпен көз тартарлықтай әдемі жасалыпты. Қазір мұнда 35-тен астам адам жұмыспен қамтылған. Басым бөлігі жергілікті тұрғындар. Шипажай бір мезетте 120 адамға дейін қабылдай алады. «Еңбегіміз дәулет, беделіміз сәулет болды» (Ә.Асқаров) дейтін қал тасы қалың азаматтарымыз көбейді ме, Астана мен Алматы қалаларынан, Атырау, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарынан демалушылар жиі келеді мұнда.

Мүйіз сорпасы

Мүйіз сорпасына түсіп, мүйіз қанынан бетперде (маска) жасаса, адам терісін жасартып, өзгеше рең береді. Панты астауына (ванна) шомылғандар қыстыгүні суық пен тұмаудан аман-сау өтеді. Мүйіз сорпасы адам иммунитетін көтеріп қана қоймай, буын ауруларына да ем болады. Қазір көптеген қалаларда қолданысқа енген панты астауы болса да, адамдар Төр Алтайдың өзіне келіп емделгенді жөн санайды. Өйткені, мұнда мүйіздің жас сорпасы бар. Шипажай ашылғаннан бері медициналық қызметкер болып еңбек ететін Сәуле Досымбаева сорпаны алғаш рет қабылдаушылар үшін 7-10 күн үзбей түссе тиімді болатындығын айтады. Ал, жыл сайын келуді дағдыға айналдырғандар мерзімді ұзарта түседі екен. Емделуші бірінші рет түскенде дәрігерлер оның қан қысымын өлшеп, судың температурасын белгілейді. Көбінесе астау суы +38...+43 градус жылылықта болады. Мүйіз қанының аздап иісі болатындықтан, майқарағай шайырын қосады екен. Бұл жағымды иіс шығарып, тынысыңызды аша түседі. 80 литр ыстық суға 1,5 литр мүйіз сорпасын араластырады. Күніне екі мәрте қабылдайды.

Арасында бір мәрте фитобөшкеге буланады. Фитобөшке не дерсіз? Айтайық. Мүйіз сорпасы Алтайда өсетін 18 түрлі дәрілік шөппен бірге қайнатылған соң, оның буы қысыммен түтік арқылы фитобөшкеге беріледі. Балқарағай ағашынан жасалған бөшкенің жататын және отыратын екі түрі бар. Терапевт-дәрігер Дамир Муркамеловтің айтуынша, сорпа буы теріні, бұлшық етті нәрлендіреді. Өйткені, сорпа құрамында липидтер, фосфолипидтер, амин қышқылы, дәрумендер, жасушалардың иммундық жүйесін нығайтатын, қан құрамын жақсартатын заттар бар. Фитобөшке адам ағзасын құнарландыру үшін емдік мақсатта пайдаланылады. Шорбуын, құяң, остеохондроз, артресклероз, асқазан жарасы, қаны аздық, белсіздік ауруларына өте жақсы ем. Ақылой күйзелісі мен дененің шаршауын басады. 15 минуттің ішінде терлетеді. Термен бірге ағзадағы зиянды заттардың барлығы шығып, адам жеңілдеп қалады. Фитобөшкеге кем дегенде 7 күн булану қажет екен.

Жалпы, астау мен бөшкедегі мүйіз сорпасына түскеннен кейін душ пен бассейнге шомылуға болмайды. Себебі, сорпа нәрі тәнге сіңуі тиіс. Тіпті, ысқылап сүртінудің қажеті шамалы дейді қызметкерлер.

Рахат әлемнен бусанып шыққан тынығушыларға таудың таза балы қосылған фитошай ұсынылады. Оның құрамында Алтайдың экологиялық таза ауданында жиналған 12 түрлі шөп болады екен. Атап айтқанда, тау шөбі, жұпаршөп, киік оты, жалбыз, шайқурай, итмұрын, түймедақ, сасықшөп, андыз, бозарша, таңқурай, балқурай, мыңжапырақ, қа ра қат және тағы басқа дәрілік өсімдіктердің кеп тірілген жапырақтары мен тамыры бар. Шай – ағзаның жалпы ахуалын, зат алмасуын, ас қорытуын жақсартып, иммунитетін көтереді. Ұйқыны жақсартуға да септігін тигізеді.

«Қолда барда алтынның қадірі жоқ». Катонқарағайдың Ақсу ауылында туыпөскен, қазір Глубокое ауданында тұратын Айнұр Шырғайбаеваның өзі мұнда бірінші мәрте келіп отыр. Ол сорпадан бетперде жасатыпты.

– Бетім балбырап, жұп-жұмсақ болып қалғанын сезіп отырмын, – дейді фитошайды сораптап отырған Айнұр. Сорпадан бетперде жасауға қала жастары көп тапсырыс береді екен. Шипажайға келген соң қыз-келіншектер опа-далапты мүлде ұмытады. Қандай қымбат косметика болса-дағы мүйіз қанынан әзірленген маскадай пайдасы болмайды. Сәуле Досымбаеваның айтуынша, Ақтаудан омыртқа жарығымен ауырған Серік есімді жігіт келіпті. Оған қалада дәрігерлер ота жасамақ болған екен. Алайда, науқас таныстарының кеңесі бойынша мүйіз сорпасымен емделуді жөн санаған. Шипажайға үшінші мәрте келгенінде әлгі ауруынан құлан-таза айығып кеткен көрінеді.

Сондай-ақ, аяққа да ем-дом жасалады. Мүйіз сорпасы құйылған астауға аяқты салып отырса, адамның қан айналымы жақсарады. Одан өзге моншада сорпаға орануға болады. Яки, мүйіз сорпасына малынған матамен адамды орап, ыстық бу бөлмесіне 15 минутке жатқызады. Бұл ағзаға өте жағымды әсер береді. «Кәрі тарлан қартайғанда боз шығады» дегендей, мүйіз сорпасын астауда, фитобөшкеде, моншада қабылдаса да, ең бастысы ағзаның, әсіресе жыныс функциясының қызметін жақсартатыны ертеден мәлім.

Қалтасы бардың қарымы ұзын. Бүгінгі күні шипажайларда қаржылық институттар, кәсіпорындар түрлі жиындар өткізуді дағдыға айналдыра бастаған. Еліміздің қоғам, ғылым, мәдениет пен өнер қайраткерлері де шипажайға жиі мейман болады. Ұлыбритания, Германия, Жапония, Ресейден ұдайы келушілер бар. Былтыр облыстық «Дарын» орталығы шақырған Кембридж университетінің профессоры: «Алтай өлкесі Швейцариядан еш кем емес екен», деп басын шайқап қайтыпты.

Фитобөшкеден шығып, фитошай ішіп дамылдап отырған мұнайшы Озғанбай Дүйсенов Ақтау қаласынан келген екен.

– Батыстан келген біз, жердің шұрайы Шығыс Қазақстан екен деп отырмыз. Денсаулығымызды жақсартуға келгендіктен, қаржымызды аямаймыз. Оның бізге де, елімізге де пайдасы бар. Ішкі туризм арқылы қаржы елімізде қалады. Мұнда медициналық қызметкерлердің қызметіне көңіліміз толды. Енді шет елдердегідей шипажайдың жалпы қызмет көрсету сапасы жақсара түсуі тиіс. Білікті мамандарды шақырып, сервисті, тәртіпті күшейте түсу керек. Көліктерін автотұраққа қоймай, демалыс үйінің қасына қойып жүргендерді байқадым. Мұндай жасыл жазиралы жерде көк шөпті басу да обал ғой. Осы сияқты бейәдеп қылықтарға тоқтам салу қажет сияқты, – деді мұнайшы азамат. Расында, демалу да биік мәдениет үлгісі. Мұнда алкогольді ішімдік ішетіндер де кезікпей қалмайды. Оларға дәрігерлер тарапынан ваннаға, фитобөшкеге түсуге қатаң тыйым салынады. Өйткені, сорпа суы қан айналымын күшейтетіндіктен алкогольмен бірге жүрекке салмақ түсуі мүмкін. Алайда, қаржысын төлеген емделушілер оны да құлаққа ілгісі келмеген ыңғай танытады.

Алыстан келгендер маралды көрмекке асығады. Оларды ертеңгілік шипажай көлігі Ақсуға апарды екен. Атыраудан ат арытып жеткен Сағат пен Айгүл Мұратбектер Алтай өңіріне алғаш келіп отырғандықтан, шипажай қызметкерлеріне: «Марал қайда?» деп әлек

салды. Панты ваннаны Жаңақорғанның шипажайынан көріп алған кәсіпкер отбасы енді мүйіз сорпасына жайылып жүрген бұғыға қарап отырып шомылуды қиялдап келген сияқты. Көрмеген жанға бәрі таңсық, әрине.

– Сұлу жерді көргенге не жетсін?! Бірақ, бізге мүйіз кесуді көру қызық болып тұр, – деді демалушы Сағат Мұратбек.

Шипажай қызметкерлері аптыққан жолаушылардың арынын басайын деді ме, көлікті беріп қоя берді. Айдын есімді жүргізуші «Таблетка» атанған УАЗ көлігін тоңқандатып, тас жолға шығып алып зымырай жөнелді. Берел мен Өрел, Рахман қайнарына жақын қалғанда қиыс кетіп, жолсызбен заңғарға өрмеледік. Тасты жарып шыққан қайыңға, балқарағай көркіне, үйдей қожыр, тақтай тастың ықпыл-жықпылына қарап отырып байқамаппыз. Төменге көз салсақ, бөркің түсер, бас айналар қия-күз, түпсіз шат. Тауды қабырғалай айналып қою қорғасын тұманға қойып кеттік. Қарыс қадам жерде гүл мен шөптен басқа ештеңе көрінбейді. Қызық, мына суықта да гүлдер қауыз жарады екен ғой! Қарағайлы орман, қайыңды тоғайды тұман тұмшалаған. «Марал көрмесек болмайды», деп отырған атыраулық демалушылар тау басына көтеріліп, құзды көрген соң-ақ демін тартып, үнсіз қалды... Тек әлдебір қиядан төмен түскенде шарбақпен қоршалған бұғы сатысы көрініп, отбасылы жұп «уһ» десті.

Барынду өзенінің жағасындағы Маралды ауылына келдік. Діңгек, Орта, Жалпақ учаскелерінің жанында орналасқан ауылда «Маралды» шаруа қожалығы бар. 1996 жылы құрылған шаруашылықты Толқын Раисов есімді азамат басқарады. Оның әкесі де кеңес кезінде совхоздың бір бөлімшесі болған осы шаруашылықтың басқарушысы болыпты. Александр шыңы, Қаумыш көлі, Мұзтау осы шаруашылық маңында. Алайда, ақ тұман мұнары түк көрсетпеді.

«Маралды» шаруа қожалығы осыдан үш жыл бұрын демалыс үйлерін салуды бастаған екен. Демалыс базасының құрылыс жұмыстары биыл ғана шегіне жетіпті. Әр бөлмеге құбыр арқылы су жіберілген. Бөлмелер қазіргі заманға сай жабдықталу үстінде. Ыстық су жылытқыш арқылы беріледі. Ваннаға, демалуға, асханаға арналған жеке ғимараттар ағаштан қиып салынған. Базаның бір жағында мүйіз қайнататын қазандық, +80 градус ыстықта мүйіз ыстау моншасы орналасыпты. Маралшылар мүйіз ыстайтын моншаны жаровня дейді. 12 адамды жұмыспен қамтып отырған Толқын Раисовтың айтуынша, «Маралдыда» жылына 500-600 келі мүйіз өндіріледі. «Ақсу-Дәен» кәсіпорнымен бірлескен шаруашылық болғандықтан өнімдерін аталған орынға өткізеді. –

«Маралды» шаруашылығының 2 жарым мың гектар жайылым жері бар. Маралдар қысы-жазы бағылады. Қыстыгүні тебінге шығарылып, жүдеген, арықтаған маралдар жартылай қолда ұсталады. Бұл – ауа-райына тәуелді дүние. Ал, мүйіз кесу науқаны бір жарым айға созылады. Наурыздан бастап жануарға мүйіз өсе бастайды. Күн жылы болса тез өседі. Қорегі – Алтай тауында өсетін дәрілік қасиеті бар марал шөбі, алтыншөп сияқты өсімдіктер. Мұның бәрі сатының ішінде бар. Бұғы мүйізі әбден пісіп-жетілгенде ғана кесіледі. Оны маралшылар бақылап отырады. Ерте жетілгендері ерте кесіледі. Мүйіз кесу бір жарым айға созылатыны сондықтан. Мүйізді кескеннен соң оны қайнатады, көлеңкеде желге және жаровняға кептіреді, – деді Толқын Раисов.

Тау қойнауындағы шипажай орналасқан орын жаздың ыстық күнінде +35 градусқа дейін көтеріледі. Бірақ, бұл өте сирек кездесетін құбылыс. Қыста аяз –38 градусқа төмендейді. Қардың қалыңдығы кейде 2 метрден де асып кетеді, ақтүтек борандар жиі болады. Шаруашылық жұмысшылары Жамбыл ауылынан бері қарайғы 20 шақырымдық тау жолын тәртіпке келтіріп, жүретін жағдайға жеткізіпті.

Адамның өзі эзер шығатын жықпылы көп таудың ұшар басына құрылыс материалын машақатпен жеткізіп, емдеу-сауықтыру кешенін салып жатқан кәсіпкерге ырза болдық.

Мүйіз қайнату

«Маралды» шаруашылығының мүйіз қайнатушысы Мәмбет Тоқтағановты әңгімеге тарттық. Мүйіз қайнату да бір өнер. Ебін білмесе алтынға бағаланар дүние текке рәсуә

болады. Мүйіз қайнатушының айтуынша, оны кескен соң екі сағат суытады. 600 литрлік бөшкеге толтырып су құйып, сарқылдатып қайнатады. Мүйізді қайнаған суға малады. Кесілген түп жағын төбеге қаратып, теріс ұстап отырады. Әр мүйізді әртүрлі уақытта қайнатады. Қайнаған суда бірін 2 минут ұстаса, бірін 4 минуттан ұстайды. Қазандыққа жекелей салынған мүйізді қолмен ұстап отырады. Қан аралас көбік шыққанда ала қояды. Одан кешіктірсе жарылып кетеді екен. Екі сағат демалдырған соң тағы қайнатады. Ертеңіне тағы екі мәрте қайнатады. Сосын күн аралатып жаровняға салып, ыстап отырады. Бұл жұмыс аяқталған соң 4 сағаттан желдетуге ілінеді. Төбесі шатырмен жабуланған арнайы желдету орны бар. Бұл кезде тағы да 6-7 мәрте күн аралатып жаровнядағы құрғақ буға ыстап отырады.

– Осы жаровняға адамдар булануға кірсе, тыныс ауруларына мың да бір ем болады, – деді Толқын Раисов. Мүйізді тез бұзылатындықтан ылғалды жерге құюға болмайды. Тамыз, қыркүйек айларында шегіне жетіп, пайдалануға, сақтауға келеді. Тіліп келіп жібергенінде қып-қызыл болып тұрса, мүйіздің консервіленуі жақсы деген сөз, нашары көгеріп тұрады. Ал, мүйіз қайнатқан сорпа үш күнге шыдайды. Одан асса борсып кетеді. Сондықтан, төгіп тастап ваннаға жаңа кесілген мүйіздің жас сорпасын құяды. «Маралды» демалыс базасының бір ерекшелігі, мұнда емделушілер мүйіз қайнатылған сорпаның өзіне түседі.

Мүйіз кесу

Мүйізді таңсәріден кеседі екен. «Маралдыға» күн тас төбеден ауғанда барғандықтан, тайөгіздей жануардың көлеңкесін де көрмей кері қайттық. Ертеңгілік Алтайда ағарып таң атысымен Ақсуға тарттық. Бара жатқан жеріміз Қалихан Ысқақ ағамыздың жазатын «Ақсу – жер жаннаты» ғой. Жер жаннаты десе дегендей, мүлгіген бейтарап тау аңғары. Астанадан келген, әукесі ерте біткен демалушы жас жігіттер қымбат телефондарымен төңіректі таспаға түсіріп келеді. Көлік жүргізушісі Айдын шипажай орналасқан күре жолдан 55 шақырым жерде орналасқан Жазоба бөлімшесіне алып келді.

Мүйіз кесу станогы ағаштан қиып салынған шағын үйшіктің ішінде орналасыпты. Жануарды қос қапталдан қысатын қозғалмалы ағашы, жанында маралды қуып әкеліп қамайтын биік қашары бар. Біз көліктен түсіп келе жатқанда станоктен сұлу мүйізінен айырылған марал ытырыла қашты. Алты-жеті жігіт аттарына міне салып қуалағанымен, жүйрік жануар жеткізбей тоғайға сіңіп жоғалды. Әлден уақытта аттарын алаөкпе қылған жігіттер де оралды. Әлсіздіктерін мойындағысы келмеді ме, «бәрібір ұстап аламыз» десті.

Жазоба бөлімшесі Кеңес өкіметінің тұсында құрылған. 1968 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Маралшы Ришат Үйікбаевтің айтуына сүйенсек, мұнда мүйіз кесу 3-маусымнан басталып, 20-тамызға дейін жалғасады. Күніне 4-5 бас бұғының мүйізі кесіледі. Таңғы сағат 4-те айдап әкеліп, қашарға қамаған соң, мүйізі піскенін таңдап алып, қалғандарын шығарып жібереді. Сонан соң бүйірінен түрткілеп, тар қашардың ішімен станокке алып келеді. Тұмылдырығын кигізіп, қозғалтпай тастаған соң көзді ашыпжұмғанша, бір минөтке жетер-жетпес уақытта ашадай арбиған мүйізді аралай салады. Әлгінде ғана оскырынып, тулап тұрған тағы жануар мөлтілдеген құралай көзіне тұқылынан аққан қан жұғып, мүсәпір кейіпке, бар сұлулығынан айырылған аянышты күйге енеді. Ал, адамдарға бәрібір... Алпамсадай «Джип» көлігімен келгендер кесілген мүйізден қалған тұқылдан аққан қанды спиртті ішімдікке жинап алып жатыр. Қанның спиртке қосылған бір шишасы 10-15 мың теңгеге бағаланады. Ал, 100-150 граммын 300-400 теңгеден алып ішесіз. Қою күрең қанды тез ішпесе ұйып қалады. Әйелдер жағы мэйрам болып, қанды беттеріне жағып жатыр. Қып-қызыл қан – қып-қызыл ақша...

– Биыл мүйіз сапасы орташа, әр мүйіз 5-6 килодан айналып отыр. Консервілеген соң тағы өлшенеді, – десті мүйіз кесушілер.

Мүйізден қан көбірек шығу үшін бұғыны қуып әкеліп, бірден кесу керек екен. Ал, ертерек қамалған, тыныстап алған бұғының мүйізін аралағанда 1 литрге жуық қана қан ағады. Жалпы, мүйізді бұғының екі жасынан бастап 25 жыл кеседі.